

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 1998 жылғы 21 қаңтардағы N 19 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 1999 жылғы 9 шілдедегі N 396 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1999 жылғы 15 шілдеде N 841 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 4 карашадағы N 325 (V043191) бұйрығымен.

"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2200 Заң күші бар Жарлығына және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 16 тамыздағы N 1127 қаулысына сәйкес б ұ й ы р а м ы н :

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 1998 жылғы 21 қаңтардағы N 19 бұйрығына мынадай өзгеріс енгізілсін:
аталған бұйрықпен бекітілген, Адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия беру тәртібі туралы ережеде:

5-тармақтың бірінші абзацы мына редакцияда жазылсын:

"Лицензиат Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мөлшерде бір жолғы лицензиялық алым енгізеді".

2. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр